

## *2022 жылдың шілде айының 1-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу*

Шілденің бірінші онкүндігінде жаздық дәнді дақылдардың өсіп өнуіне және олардың толық пісуіне, сондай-ақ елдің оңтүстігінде егін жинау жұмыстарының жүргізілуіне қолайлы жағдайлар қалыптасқан. Республиканың солтүстік жартысында нормадан жоғары жақсы жауын-шашын болған, бұл ауаның атмосфералық ылғалдануына біршама ықпал еткен. Елдің солтүстік облыстарда, орталығы мен шығысының барлық жеріндегі дәнді дақылдар егістіктерінде арамшөптерді гербицидтермен өңдеу жалғасуда.

Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстарында бидай егістігін өсу реттегішімен өңдеуге кіріскен.

Республиканың солтүстік жартысында дәнді дақылдар егістіктерінде «масақтану» – «дәннің сүттенуі» даму фазалары байқалған. Дәнді дақылдардың жай-күйі көбінесе жақсы, жекелеген учаскелерде қанағаттанарлық (Ақтөбе, Ақмола, Павлодар).

Оңтүстік облыстарда жаздық дәнді дақылдардың жай-күйі барлық жерде жақсы. Даму фазасы «масақтану» – «толық пісу», барлық жерде егін жинау жұмыстарына кіріскен (арпа).

Күздік бидай өсірілген аудандарда астықты толтыру және толық пісу, сондай-ақ егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қолайлы жағдайлар болған. Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында күздік бидай «дәннің уыздануы» – «толық пісу» кезеңінде, жекелеген учаскелерде егін жинауға кіріскен.

Елдің оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында жылу сүйгіш дақылдардың (жүгері, күріш, мақта, қант қызылшасы, соя) жай-күйі өте жақсы және жақсы. Түптеу, қопсыту және өсімдіктерді суару жалғасуда.

Алматы, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының бақылау учаскелерінде картоп отырғызуды қолмен қопсыту және түптеу, зиянкестер мен ауруларға қарсы улы химикаттармен өңдеу, сондай-ақ қопсыту және вегетациялық суару жалғасуда. Өсімдіктердің жай-күйі тегіс жақсы және өте жақсы.

Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарында күнбағыстың жай-күйі өте жақсы және жақсы, қатар аралықтарын қопсытуға кіріскен.

Оңтүстік облыстарда жоңышқа шөптерін 2-ші шабу жалғасуда, солтүстік облыстарда еркекшөп шөптерін жинау аяқталды. Жеміс дақылдарының жағдайы жақсы, олар шие мен таңқурай жинауды бастаған.

Өткен онкүндікте мал шаруашылығы жайылымдарының басым аумағында ауа райы ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу үшін қолайлы болған, мал жаю барлық жерде жүргізілген.

Ветеринариялық іс-шаралар, шөп жинау және мал қыстайтын жерлерге жемшөп жеткізу жалғасуда.

Жайылымдық мал шаруашылығының басым аумағында шөптің жай-күйі жақсы болды, Алматы облысының Жамбыл ауданында шөптің жай-күйі нашар болуы байқалған.

Жайылымдар көбінесе әлсіз және орташа тапталған. Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы және Жамбыл облысының Талас ауданындағы жайылымдар қатты тапталған.

Шөптің жағдайы көбінесе құрғақ, кейбір жерлерде дымқыл.

Шілде айының бірінші онкүндігінде топырақтағы өнімді ылғал қоры оңтайлыдан Батыс Қазақстан облысында жеткіліксізге дейін, Ақтөбе, Ақмола және Қарағанды облыстарында қанағаттанарлық, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарында қанағаттанғыдан жеткіліксізге дейін және Павлодар мен Шығыс Қазақстан облыстарында жеткіліксіз болған

